

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Баланың балабақшаға бейімделуі

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.05.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/73324/>

Тақырыбы: «Баланың балабақшаға бейімделуі» Балабақшамен отбасындағы тәрбиеде бірінші орында баланың жанжақты дамуы тұрады. Тәрбиеші баланы балабақшаға қабылдағанда әрдайым жылылық бере білуі керек. Баланың қандай көңіл күймен келгенін білу, оны алып қайтуға келген ата-анасына қуанышты сәттерін айтып отыруы қажет. Баланың әлеметтенуі қашан, қайда пайда бола бастайды? Әрине, бірінші отбасында және балабақшаға келгенде. Балабақшада таныс емес үлкен адамдармен, балалармен танысады, мінез құлық ережелерімен нормаларын меңгереді. Жаңа жағдайға бала қалай үйренеді?

Өкінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді.

Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, ойыншықтармен ойнамайды, балалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді. Отбасындағы тәрбиеде бірінші орында баланың жанжақты дамуы тұрады. Тәрбиеші баланы балабақшаға қабылдағанда әрдайым жылылық бере білуі керек. Баланың қандай көңіл күймен келгенін білу, оны алып қайтуға келген ата-анасына қуанышты сәттерін айтып отыруы қажет.

Баланың әлеметтенуі қашан, қайда пайда бола бастайды?

Қобалжулары қатты ата-аналардың балалары да балабақшаға

қиын бейімделеді, өйткені ата-анасының қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата-аналар көмек беруі керек, ертеңгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері:

1. Баламен тез қоштасып үйреніңіз, қоштасуды созбаңыз.

2. Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп, тыныштануы ұзаққа созылады.

3. Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және соны қатал ұстаныңыз.

4. Балабақшаға барғаны үшін жаңа ойыншық сатып алып, балаңызды алдарқатпаңыз.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.